# Құттықтаймыз!



Бүгін Қарғалы ауылының тұрғыны, еңбек ардагері **ЫДЫРЫСБАЕВ Орынбасар Найзабекұлының** туған күні. Қазына толы кеудесіне қазақ халқының ең асыл қасиеттерін молынан сіңірген сырбаз мінезді салиқалы азаматтың СЕКСЕН БЕС белестен өткені біздер үшін зор ғанибет.

Әу баста ол 1969 жылы атақты Әнуарбек Жұрынов басқарған шұға комбинатындағы қазандық цехының бастығы, ал 1972 жылдан бастап осы комбинаттың бас энергетигі болды. Зейнет демалысына шыққан соң «Жеңіс» бау-бақша кооперативін құрды. Саяжайдың бастығы қызметін де абыроймен атқарып, оның өркендеп өсуіне өлшеусіз еңбек сіңірді.

Орынбасар аға қай ортада жүрсе де айналасына өнегелі ісімен шуақ шашты. Ел мен жердің, табиғаттың тағдыры үшін әлі де тынымсыз толғаныста, үнемі ізденісте жүретін оның нағыз жанашырлық тұлғасы біздер үшін әрдайым үлгі. Отбасында Жәмила жеңгемізбен бірге санатты ұрпақ өсіріп мерейленген әулеттің тұлғалы тірегі.

Қариямыздың жаңа жасы құтты, әрбір күні қуанышқа толы болсын. Зайыбы екеуіне Алла қуатты денсаулық, шуақты ғұмыр берсін, фәни дүниеде көрер қызығын молайтсын, үрім-бұтақ, зәузатының бақытына кенелтсін. Жасы ғасырға жуықтаған Жамбылдың жарқын жазмышын Жаратқан асыл ағамызға да нәсіп етсін деген ең ізгі тілектеміз.

Ауылдастары атынан: **Өмірзақ Әлімбаев, Рәтбек Терлікбаев.**



Қарғалы ауылының тұрғыны, асыл әже, ардақты ана, ақылшымыз, әрі қамқоршымыз болып жүрген аяулы анамыз **БӘРІБАЕВА Күлімхан Қасымқұлқызын** 5 мамырда 92 жасқа толған мерейсәтімен шын жүректен құттықтаймыз! Аяулы анамызға өмірдің бар жақсылығын көріп, немере мен шөбере қызығына тоймай, шөпшектен ұрпақ сүйетін бақытты күнді нәсіп етсін демекпіз!

**Қиясына өмірдің өрлеп келді,**
**Ел-жұрты үшін ерінбей еңбектенді.**
**Күлімхандай аяулы асыл ана,**
**92 жасқа бүгінде сергек келді.**

**Еркелетіп немере, шөбересін,**
**Кәрілікті апамыз елемесін.**
**Үрім-бұтақ, ұрпағы құттықтаймыз,**
**Тіршіліктің қызығын көре берсін,**

– деп құттықтаушылар: **Бәрібаевтар әулеті.**



Ұзынағаш ауылының тұрғыны, ақын ағамыз **ОҢҒАРБАЕВ Алдаберген Сақыпбайұлын** 9 мамырда 77 жасқа толатын туған күнімен құттықтаймыз! Алдаберген Сақыпбайұлына шығармашылық табыс тілей отырып, бала-шаға мен немере-шөберелерінің ортасында ойнап-күліп, Жамбыл атасының жасына жетсін демекпіз.

**Ізбасары Кененнің,**
**Жырымен елді демедің.**
**Құтты болсын бүгінгі**
**Жаңа жасқа келгенің.**

**Алла берген дарынмен,**
**Тарихты біліп танып ен.**
**100 жасқа да келе бер**
**Қол ұстасып жарыңмен.**

**Қиын сәтте демеген,**
**Үлгі ғой бізге өнеген.**
**Ғасыр жаста той жасап,**
**Қуантсын ерген шөберең,**

– деп құттықтаушылар: **аудандық «Атамекен» газетінің ұжымы.**

# Қоғамдық тыңдау

2022 жылдың 13-14 маусым күндері Жамбыл ауданында орналасқан, «Ұзынағаш-Отар» автомобиль жолының 101-14 шақырымы учаскесін реконструкциялау кезінде пайдаланылатын 5 учаскеде («№1», №2», «№3», «№5», «№7») кең таралған пайдалы қазбаларды 2022-2024 жылдары өндіруге арналған – «Таукен жұмыстарының» жобасы бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі:

1) 2022 жылдың 13 маусымында сағат 11:00-де, Жамбыл ауданы, Беріктас ауылдық округі, Беріктас ауылы, Қармысов к-сі, 5 мекенжайы бойынша орналасқан Мәдениет үйі

2) 2022 жылдың 13 маусымында сағат 15:00-де, Жамбыл ауданы, Самсы ауылдық округі, Тарғап ауылы, «Тарғап орта мектебі» КММ-да, Сурапбергенұлы көшесі, 27 а мекенжайы бойынша.

3) 2022 жылдың 14 маусымында сағат 11:00-де, Жамбыл ауданы, Актерек ауылдық округі, Ақтерек ауылы, Баймен көшесі, 4 мекенжайындағы әкімдік ғимаратында өтеді.

Карантин жағдайына байланысты қоғамдық тыңдаулар онлайн форматта өткізіледі.

Онлайн конференцияға сілтеме:

https://us04web.zoom.us/j/78776937175?pwd=cy0E-EeMBpiHzTwGDH9tZJrYA0_Lx-.1

Конференция идентификаторы: 787 7693 7175. Кіру коды: r49N2W.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «EH ESER TAAHUT VE SANAYI ANONIM SIRKETI» (ЭХ ЭСЕР ТААХЮТ ВЕ САНАЙИ АНОНИМ ШИРКЕТИ) АҚ филиалы, БСН 201141014361. Мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Наурызбай батыр к-сі, 28 үй, 17 т.е.ү. Тел: +7701 0261507.

Әзірлеуші: «Жетісу-Жерқойнауы» ЖШС, БСН: 110440009773. Мекенжайы: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы, Алмалы көшесі, 6; тел. 87085216419, email: zh.zherkoinauy@mail.ru.

Жергілікті атқарушы орган: «Алматы облысы Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. 8 (7282) 32-92-67. Ресми интернет-ресурс http://ecoportal.kz/ және электрондық мекенжайы 329267eco@mail.ru бойынша жұртшылық пен мүдделі жұртшылық өздерінің қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады.

***

Проводятся общественные слушания методом открытого собрания по проекту «Раздел охраны окружающей среды к проекту «План горных работ на добычу в 2022-2024гг общераспространенных полезных ископаемых на 5 участках («№1», №2», «№3», «№5», «№7»), расположенных в Жамбылском районе Алматинской области, используемых при реконструкции участка автомобильной дороги «Узынагаш-Отар» км 101-14»:

1) С 13 июнья 2022 года в 11:00 часов, по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, Бериктасский с.о., с.Бериктас, Дом культуры по адресу: ул.Кармысова 5

2) С 13 июнья 2022 года в 15:00 часов, по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, Самсинский с.о., с.Таргап, КГУ «Таргапская средняя школа» по адресу: ул.Сурапбергенулы 27А.

3) 14 июнья 2022 года в 11:00 часов, по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, Актерекский с.о., с.Актерек, здание акимата по адресу: ул.Баймена 4.

В случае карантина общественные слушания будут проводиться в онлайн режиме.

Ссылка на онлайн конференцию:

https://us04web.zoom.us/j/78776937175?pwd=cy0E-EeMBpiHzTwGDH9tZJrYA0_Lx-.1

Идентификатор конференции: 787 7693 7175. Код доступа: r49N2W.

Инициатор намечаемой деятельности: Филиал АО «EH ESER TAAHUT VE SANAYI ANONIM SIRKETI» (ЭХ ЭСЕР ТААХЮТ ВЕ САНАЙИ АНОНИМ ШИРКЕТИ), БИН 201141014361. Адрес: г.Алматы, Алмалинский район, ул.Наурызбай-батыра, дом 28, н.п. 17. Тел: +7701 0261507.

Разработчик: ТОО «Жетісу-Жерқойнауы». Реквизиты и контактные данные: БИН:110440009773, адрес: Алматинская область, Карасайский район, г.Каскелен, ул.Алмалы, 6; тел.87085216419, email: zh.zherkoinauy@mail.ru

Местный исполнительный орган: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», тел. 8 (7282) 32-92-67.

Официальный интернет-ресурс http://ecoportal.kz/ и электронный адрес 329267eco@mail.ru по которым общественность и заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения по документам, выносимым на общественные слушания и по опубликованному протоколу общественных слушаний.

2022 жылғы мамырдың 23-нен маусымның 6-на дейін БЭП сайтында http://ecoportal.kz / «Алматы облысы Жамбыл ауданында орналасқан «Фабричный-1» (Оңтүстік-Батыс) блок С1-2 кен орнының құм-қиыршықтас қоспасын өндіру кезінде бұзылған жерлерді қалпына келтіру» жобасы бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Алсим Аларко Санайи Тесислери ве Тиджарет» АҚ Екібастұз қаласындағы филиалы, БСН 111041000604, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Наурызбай батыр к-сі, 17 үй, 312 кеңсе. Қосымша ақпарат алуға болатын байланыстар мен электрондық мекенжай: тел.: 87017995457, e_akbarov@mail.ru. жоба материалдарымен ecoportal.kz сайтында және ЖАО сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-tabigat, «Қоғамдық тыңдау» бөлімінде танысуға болады. Ескертулер мен ұсыныстар ecoportal.kz сайтында қабылданады.

Әзірлеуші «Казкенгео» ЖШС, тел. 87777995457. Жергілікті атқарушы орган: «Алматы облысы бойынша табиғи ресурстар басқармасы» ММ, тел: 8 (7282) 32-92-67.

***

С 23 мая по 6 июнья 2022 года по 06.06.2022 г. на сайте ЕЭП http://ecoportal.kz/ проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по проекту «Рекультивация земель, нарушенных при добыче песчано-гравийной смеси месторождения «Фабричный-1» (юго-запад) блок С1-2, расположенном в Жамбылском районе, Алматинской области».

Инициатор намечаемой деятельности: Филиал АО «Алсим Аларко Санайи Тесислери ве Тиджарет» в городе Экибастуз, БИН 111041000604, адрес: г.Алматы, Алмалинский район, ул.Наурызбай батыра, дом 17, офис 312. Контакты и электронный адрес по которым можно получить дополнительную информацию: тел. 87017995457, e-mail: e_akbarov@mail.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте ecoportal.kz и на сайте МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-tabigat, в разделе «Общественные слушания». Замечания и предложения принимаются на сайте ecoportal.kz.

Разработчик ТОО «Казкенгео», тел. 87777995457. Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов по Алматинской области», тел: 8 (7282) 32-92-67.

# Наследство

*** Открылось наследственная масса на имущество после смерти гр.Алгадаева Касымхана Таубаевича 20.03.1960 года рождения, умершего 18 сентября 2021 года, наследникам обращаться нотариусу Малаевой Б.Н. по адресу: село Узынагаш, улица Мажитова дом 12, Жамбылского района, Алматинской области тел: 87017286297.

*** Открылось наследство после смерти гр.Кожахметова Тухмета Жартыбаевича, умершего 28 ноября 2021 года. Наследников и заинтересованных лиц просим обращатся к нотариусу Сыдыковой Сағынтай Сагатбековне, по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, село Узынагаш, Толе би 50 А, тел: 87714702353.

## Тапсырыс аламын

ГАЗ пешін орнатамын, сантехникалық және жылу құбырларын, жылы еден **(теплый пол)** жүргізу жұмыстарын жасаймын. Электрмен дәнекерлеу **(электросварка)** жұмыстары бойынша хабарласуға да болады. **Тел: 87474606295, 87055384541. Айнұр.**

*Газетіміздің келесі саны мамырдың 21-і күні шығады*

# ӘЗІМБАЕВ Тұрсынбек



Әзімбаев Тұрсынбек 1951 жылдың 17 наурызында Жамбыл ауданына қарасты Қоғамшыл ауылында дүниеге келген. 1968 жылы Шиен орта мектебін бітірген соң, 1978-1982 жылдар аралығында Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық институын тамамдаған. Алғашқы еңбек жолын 1982 жылы Шиен орта мектебінде тарих пәні мұғалімі болып бастаған. 1985 жылдан бастап директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін абыроймен атқарды.

Таңбалытас ауылындағы директорлық қызметінде 1990 жылдан бастап 2009 жылға дейін 20 жылға жуық аянбай еңбек етті. Горный орта мектебінде тарих пәнінің мұғалімі Әзімбаев Тұрсынбек білімді де білікті ұстаз ретінде мықты мұғалімдер мен шәкірттерді тәрбиелеп, өнеге көрсетті. Аудан көлемінде оқушыларды білім сапасы жағынан 1-ші орынға жеткізді. Оның қайсар мінезі, талапшыл қасиеті, табандылығы өзі жетекшілік еткен мектебіне зор ықпал етті.

Бір сөзінде: «Біздің жұмысымыздың мәні мен маңызы қоғамға пайдасын тигізетін қажетті адам дайындау, оқушының білім сапасын барынша күшейту», деген еді.

Ол басқарудың барлық баспалдақтарына сатылай көтеріліп, еңбекпен шыңдалған нағыз маман, білікті басшы болатын.

1994 жылы Шилібастау бекетінде орталау мектептің ашылуына тікелей себепші болды.

2009 жылы Қарасай ауданы, Райымбек ауылына жұмыс бабымен ауысты.

«Горный» ауылының атын тарихи деректерге сүйене отырып, ауыл маңындағы табылған петроглиф-терді зерттеп, ауылдың атауын «Таңбалытас» алып деп өзгертуге ықпал етті.

Сіңірген еңбегі үшін 1994 жылы «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі», 2018 жылы «Жамбыл ауданының Құрметті Азаматы», 2019 жылы Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің» үздігі және «Еңбек үздігі» төс белгілерімен марапатталды.

Әзімбаев Тұрсынбек қашан да биік азаматтығымен, бекзат болмысымен, ел жанды қасиетімен дараланды. Ол өмірінің соңына дейін еселі еңбек етті. Оның жарқын бейнесі, өнегелі өмір жолы көпке үлгі. Әзімбаев Тұрсынбек ағамыздың асыл бейнесі біздің жадымызда ұзақ сақталады.

**Жамбыл аудандық білім бөлімінің ұжымы және аудандық білім қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті.**

• Газет – 2017 жылғы қарашаның 9-да Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі, байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке алу туралы № 16738-Г Куәлігі берілген.

Құрылтайшысы/ Меншік иесі: «BeyAzh Trans» ЖШС

«ЖАМБЫЛ АТАМЕКЕН» ЖШС

Бас редактор Әйгерім ӘБУ

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: 040600, Ұзынағаш ауылы, Мақатаев көшесі, 164 «А» үй. Телефондар: бас редактор – 2-44-28, бас редактордың орынбасары – 2-44-29, жалпы бөлім – 2-44-25, есепші – 2-44-27, факс-8 (72770) 2-44-28
Электрондық поштасы: Atameken1932@bk.ru
• Осы шығарылымның таралымы – 5550 дана. Тапсырыс – 18 (610)
• Индексі – 62264. Көлемі – 2 баспа табақ.
• Газет аптасына бір рет, сенбі күні шығады.
• Суреттердің сапасына редакция жауапты.

• Жарнама, хабарландыру берушілер оның мазмұны мен мәтіні үшін өздері жауапты.
• Автордың пікірі – редакцияның түпкілікті көзқарасы емес.
• Газет редакцияда компьютермен теріліп, «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында офсеттік тәсілмен басылады.
Тел: 378-42-00, факс: 378-36-76.
Алматы қаласы, Сәбит Мұқанов көшесі, 223 «Б».